



EURASIAN
TECHNOLOGICAL
UNIVERSITY



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫТУШЫЛАР, ДОКТОРАНТТАР, МАГИСТРАНТТАР, СТУДЕНТТЕР, ЖАС ҒАЛЫМДАР!

2022 жылдың 25 қарашасында Алматы қаласындағы Төле би к-сі, 1096, Досмұхамедов к. қиылысы Еуразия технологиялық университетінде өтетін
«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ, БІЛІМІ ЖӘНЕ ӨНДІРІСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР»
атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының жұмысына қатысуға шақырамыз.

Конференция жұмысының бағыттары (секциялар):

- Логистиканы дамыту бағдарламаларын қолдау әдістерін жаңғырту тұжырымдамасы;
- Мейрамхана сервисі мен туризм саласын дамытудағы университеттердің ақпараттық-ағартушылық миссиясы;
- Өндіріс пен бизнестегі IT технологиялар;
- Заң ғылымының түрлі салаларындағы ғылым мен тәжірибесінің өзекті мәселелері;
- Қазіргі қоғамды цифрландыру жағдайында гуманитарлық пәндерді оқытудың ерекшеліктері;
- Инженериядағы инновациялық технологиялар;
- Цифрлық трансформация дәуіріндегі экономика мен менеджменттің дамуының инновациялық тәсілдері.

Конференцияның жұмыс тілдері - қазақ, орыс, ағылшын.

Материалдардың электрондық жинағы www.etu.edu.kz университет сайтында жарияланады және PDF-форматта жүктеуге болады. Жинаққа халықаралық ISBN индексі беріледі.

Хабарлама немесе тезистің мәтіні 7 беттен аспайтын көлемде (графикалық материалды қосқанда), шрифт өлшемі 14 (әдебиеттер тізімі үшін шрифт өлшемі 12), интервалы 1.0, Times New Roman шрифті, беттің ені бойынша туралау, барлық жағынан шеттері 20 мм, MS Word бағдарламасында орындалуы тиіс.

Тезистерді жіберу үшін келесі сілтеме бойынша: <https://forms.gle/rCJmcYeMtx2v73Hx7> online жүйесінде электронды тіркелу қажет. Тезис, толтырылған тіркеу формасында жеке файл болып тіркеледі. Файлдың аты – бірінші автордың атымен аталуы тиіс.

Конференцияға қатысу және тезисті электронды жинаққа орналастыру **жарнасы** - студенттер үшін **1000 теңге**, магистранттар үшін **2000 теңге**, докторанттар, оқытушы-педагогикалық құрылым (ҚР азаматтары) үшін **3000 теңге** немесе басқа елдердің азаматтары үшін төлем кезіндегі валюта бағамы бойынша.

Ұйымдастыру жарнасында автордың аты-жөні және «Конференция-2022» белгіленуі көрсетілген, Еуразия технологиялық университетінің банк шотына қабылданады.

Тезисті ұсыну уақыты - **2022 жылдың 17 қарашасына** дейін (қоса алғанда). Ұйымдастыру комитеті конференция тақырыбына сәйкес келмейтін, 2022 жылдың 17 қарашадан кейін алынған немесе талаптарды бұза отырып рәсімделген тезистерді қабылдамауға құқылы.

Тезисті жарияланымға қабылдау туралы ұйымдастыру комитетінің хабарламасын алғаннан кейін, автор қатысу жарнасын төлегендігі туралы құжаттың сканерленген көшірмесін **2022 жылдың 21 қарашасына дейін** conference2022@etu.edu.kz электронды мекен-жайына жіберуі керек.

Конференция бағдарламасы 2022 жылдың 20 қарашасынан кейін жіберілетін болады.

Материалдардың ғылыми мазмұны мен жазылуына авторлар жауапты. Конференция тақырыбы мен безендіру талаптарын қанағаттандырмайтын немесе белгіленген мерзімнен кеш жіберілген материалдар қаралмайды және қайтарылмайды.

Тезистің мәтіні мынадай сызба бойынша ресімделеді: құжаттың басында сол жақ жоғарғы бұрышында ƏОЖ индексі көрсетіледі, келесі жолдың ортасынан, баспа әріптерімен - тезистің атауы, келесі жолда - авторлардың және ғылыми жетекшілердің (болған жағдайда) тегі мен аты – жөні, ғылыми дәрежесі, жұмыс орны, қаласы, мемлекеті көрсетіледі, және одан кейінгі жолдан бастап – тезистің мәтіні жазылады.

Тезисті рәсімдеу үлгісі

ƏОЖ 665.7

ТІЗБЕКТІ ӘДІС НЕГІЗІНДЕ МҰНАЙ ӨНДІРУДІ ТАЛДАУ

Кольш А., студент.

*Ғылыми жетекші: Әлиева А.К., э.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Еуразия технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы*

Мәтін түпнұсқа болып табылады және редакциялауға жатпайды. Баяндама соңында әдебиеттер тізімі келтіріледі. Әдебиетке сілтемелер қажет.

Пайдаланылған дереккөздердің библиографиялық сипаттамасының мысалдары:

1. Жедел ақпарат. ҚР қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығындар туралы. ҚР ұлттық экономика министрлігі. Шілде, 2017. Онлайн қол жеткізу: <http://www.stat.gov.kz>
2. Туякова, З.С., Черткова, А. А. Қазіргі әлемдегі экологиялық шығындардың жіктелуі // Орынбор мемлекеттік университетінің хабаршысы, № 8 / 2009, 111-116 беттер.
- 3 Кабылова, Н. және т. б. Бухгалтер (бухгалтерлік есеп негіздері): оқулық / 3-ші басылым., өңделген. және қосылған. - Астана:Фолиант, 2011.- 376 б.

Конференцияға келуге байланысты шығындар қатысушылардың есебінен жүзеге асырылады.

Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы:

050012, Алматы қ., Төле би к-сі, 109б,
Еуразия технологиялық университеті,
Ғылым департаменті, каб. 214,
Тел. +7 (707) 716 – 43 – 22
+7 (701) 133 – 04- 30

Электрондық пошта:

conference2022@etu.edu.kz

Төлем реквизиттері:

"Еуразия технологиялық университеті"
ЖШС
БСН 000340007047
КБЕ 17
ЖСК KZ 128 560 000 000 029 750
АҚ "БанкЦентрКредит"
БСК КСJBKZKX
050012 Алматы қ., Төле би к-сі, 109б.